

## Ақмола облысы Шортанды ауданында Жолымбет кен алаңының шетіндегі участкеде орналасқан Ащылайрық өзенінің участкесіне су қорғау аймағымен белдеуін және олардың шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы

### **Күшін жойған**

Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № А-5/217 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 маусымда № 6667 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № А-5/222 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 03.05.2022 № А-5/222 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39-бабына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Ақмола облысы Шортанды ауданында Жолымбет кен алаңының шетіндегі участкеде орналасқан Ащылайрық өзенінің участкесіне су қорғау аймағы мен белдеуі белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, Ақмола облысы Шортанды ауданында Жолымбет кен алаңының шетіндегі участкеде орналасқан Ащылайрық өзенінің участкесіне қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдалану режимі белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.С.Үйсімбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

M.Мырзалин

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды

реттеу және қорғау жөніндегі

Есіл бассейндік инспекциясы"

M.T.Аяшев

2018 жылғы "17" мамыр

Ақмола облысы әкімдігінің  
2018 жылғы 17 мамырдағы  
№ А-5/217 қаулысына  
1-қосымша

**Ақмола облысы Шортанды ауданында Жолымбет кен алаңының шетіндегі участкеде орналасқан Ашылайрық өзенінің участкесіне су қорғау аймағы мен белдеуі**

№	Sу объектісінің атауы, орналасқан жері	Sу қорғау аймағы	Sу қорғау белдеуі
	Ені, метр	Ені, метр	
1	Ақмола облысы Шортанды ауданында Жолымбет кен алаңының шетіндегі участкеде орналасқан Ашылайрық өзенінің участкесі	500	35

Ақмола облысы әкімдігінің  
2018 жылғы 17 мамырдағы  
№ А-5/217 қаулысына  
2-қосымша

**Ақмола облысы Шортанды ауданында Жолымбет кен алаңының шетіндегі участкеде орналасқан Ашылайрық өзенінің участкесіне су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдалануу режимі**

*Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 21.08.2020 № А-9/418 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысы мен.*

- Елді мекендерде суды қорғау аймағының шекарасында су объектісінің ластануы мен қоқыстануына жол бермейтін пайдалану тәртібі сақталуы тиіс.
- Су қорғау белдеулерінің шегінде:
  - су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;
  - шу шаруашылығы және су жинайтын құрылыштар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыштарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыштарды салуга және пайдалануға;
  - бау-бақша егуге және саяжай салуға жер участкелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген участкерлерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өндеді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

### 3. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыш, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мұдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын аландарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндөуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы химикаттармен авиациялық өндөу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбекен пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға болмайды.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндөу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК